

**Жиынтық бағалауға арналған
әдістемелік ұсыныстар**

Математика

3-сынып

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 3-сынып білім алушыларына «Математика» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар (қазақ тілінде білім беретін) бастауыш сыныптың (1-4-сыныптары) «Математика» пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) мен оқу жоспарының негізінде дайындалған. 1-сыныпта жиынтық бағалау 3 және 4-тоқсандарда өткізіледі.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Тапсырмалар мен рубрикалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификацияда тапсырма үлгілері мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

Мазмұны

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	4
«Көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	7
«Кестелік көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	10
1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	13
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	18
«Үлес» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	18
«Аудан. Шамалар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	21
«Ауызша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	24
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	27
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	32
«Кестеден тыс көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	32
«Кеңістік фигуралар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	35
«Жазбаша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	38
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	42
«Жазбаша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	46
«Есепті шешу жолдары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	49
«Уақыт» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	51
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	55

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер 4.3 Тізбектер
Оқу мақсаты	2.1 Санды және әріпті өрнектер 2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу 3.1.1.3 Үш таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу 3.4.3.1 1000-ға дейінгі сандар/ мыңдықтармен миллионға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылығын анықтау 3.2.1.2 Әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу 3.2.2.1 Қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Үш таңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді• Сандар тізбегіндегі заңдылықты анықтайды• Екі айнымалысы бар әріпті өрнектердің мәнін табады• Қарапайым теңсіздіктердің шешімін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Берілген санды жаз: **4жүзд. 8 онд. 7 бірл.** = _____

- Санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жаз. _____
- Санда барлығы неше ондық бар? _____

2-тапсырма

Тізбектегі келесі екі санды жаз.

956, 935, 914 ...

10 000, 30 000, ...

3-тапсырма

$a = 574$, $b = 412$ деп алып, $a + b$, $a - b$ өрнектерінің мәнін тап.

4-тапсырма

Егер $y = 560$ болса, $900 - y > 300$ теңсіздігі ақиқат бола ма? Тексер.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Үш таңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді	1	разрядтық құрамы негізінде үш таңбалы санды жазады;	1
		үш таңбалы санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазады;	1
		үш таңбалы санның ондықтарының жалпы санын анықтайды;	1
Сандар тізбегіндегі заңдылықты анықтайды	2	мың көлеміндегі сандар тізбегін кему ретімен жалғастырады;	1
		миллионға дейінгі сандар тізбегін мыңдықтармен өсу ретімен жалғастырады;	1
Екі айнымалысы бар әріпті өрнектердің мәнін табады	3	қосындының мәнін табады;	1
		айырманың мәнін табады;	1
Қарапайым теңсіздіктердің шешімін анықтайды	4	айырманың мәнін табады;	1
		теңсіздікті тексереді.	1
Барлығы			9

«1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Үш таңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді	1	Үш таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Разрядтық құрамы негізінде үш таңбалы санды жазуда/ санды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктеуде/разряд бірлігінің жалпы санын анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Үш таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтайды. <input type="checkbox"/>
Сандар тізбегіндегі заңдылықты анықтайды	2	Көптаңбалы сандар қатарындағы заңдылықты анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мың көлеміндегі сандар тізбегін кему ретімен / миллион көлеміндегі сандар тізбегін өсу ретімен жалғастыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Көптаңбалы сандар тізбегінің заңдылығын анықтайды. <input type="checkbox"/>
Екі айнымалысы бар әріпті өрнектердің мәнін табады	3	Екі айнымалысы бар әріпті өрнектер жазуда және мәнін табуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Айнымалының мәнін қойып, санды өрнек жазады, үш таңбалы сандардың қосындысының/ айырмасының мәнін табуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Екі айнымалысы бар әріпті өрнектер құрастырып жазады және мәнін дұрыс есептейді. <input type="checkbox"/>
Қарапайым теңсіздіктердің шешімін анықтайды	4	Қарапайым теңсіздіктерді шешуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Теңсіздіктің шешімін табуда/теңсіздікті тексеруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Қарапайым теңсіздіктерді дұрыс шешеді. <input type="checkbox"/>

«Көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	5.2 Математикалық тіл 1.3 Шамалар және өлшем бірліктер 5.1 Есептер және математикалық модель
Оқу мақсаты	3.5.2.4** Көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану 3.1.3.3** Ұзындық (мм,см, дм, м, км)/ масса (г, кг, ц, т)/көлем (сыйымдылық) (л)/аудан (см ² , дм ² , м ²)/өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/көбейту/бөлу амалын орындау 3.5.1.4** Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді талдау және шығару

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Компонент атауларының негізінде жақшалы өрнектер құрастырады және мәнін табады• Атаулы сандармен амалдар орындайды• Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығарады
--------------------------	--

Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Өрнектерді жаз және мәнін тап.

- а) 17 және 3 сандарының қосындысын 5 есе кеміт;
в) 12 және 4 сандарының айырмасын 2 есе арттыр;

2-тапсырма

Өрнектердің мәнін тап.

$$(34 \text{ дм}^2 + 56 \text{ дм}^2) : 3 =$$

$$57 \text{ см } 12 \text{ мм} - 34 \text{ см } 9 \text{ мм} =$$

3-тапсырма

Есепті шығар.

Бір қорап қарындаштың бағасы 40 теңге. 360 теңгеге осындай неше қорап қарындаш сатып алуға болады?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Компонент атауларының негізінде жақшалы өрнектер құрастырады және мәнін табады	1	компонент атауларына сүйеніп, бірінші өрнекті құрастырады;	1
		өрнектің мәнін табады;	1
		екінші өрнекті құрастырады;	1
		өрнектің мәнін табады;	1
Атаулы сандармен амалдар орындайды	2	қосындының мәнін табады;	1
		бөліндінің мәнін табады;	1
		айырманың мәнін табады;	1
Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығарады	3	есептің қысқаша шартын құрастырады;	1
		есептің шарты бойынша санды өрнек құрастырады;	1
		өрнектің мәнін табады.	1
Барлығы			10

«Көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Компонент атауларының негізінде жақшалы өрнектер құрастырады және мәнін табады	1	Көбейту мен бөлу амалдарының компонент атауларының негізінде жақшалы өрнектер құрастыруда және мәнін табады қиналады. <input type="checkbox"/>	Көбейту мен бөлу амалдарының компонент атауларының негізінде жақшалы өрнектер құрастырып жазуда/ өрнектің мәнін табуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Көбейту мен бөлу амалдарының компонент атауларының негізінде жақшалы өрнектер құрастырады және мәнін табады. <input type="checkbox"/>
Атаулы сандармен амалдар орындайды	2	Атаулы сандармен арифметикалық амалдар орындауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Қосындының/бөліндінің/айырманың мәнін табуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Атаулы сандармен арифметикалық амалдарды дұрыс орындайды. <input type="checkbox"/>
Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді талдайды және шығарады	3	Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығаруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Есептің қысқаша шартын құруда/есептің шартына сәйкес санды өрнек құрастыруда/ өрнектің мәнін есептеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді дұрыс шығарады. <input type="checkbox"/>

«Кестелік көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	2.1 Санды және әріпті өрнектер 5.1 Есептер және математикалық модель
Оқу мақсаты	3.2.1.6 Төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу 3.5.1.2** Есептерді шығаруда «бір заттың массасы», «саны», «жалпы масса»/ «бір затқа жіберілген шығын», «заттардың саны», «жалпы шығын» ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Төрт амалды жақшасыз өрнектердің мәнін табады• Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығарады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	15 минут

1-тапсырма

Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектің мәнін тап.

$$56 - 12 : 3 \cdot 6 + 15 =$$

2-тапсырма

Кестені толтыр және есепті шығар.

Алма салынған бір жәшіктің массасы - 8 кг. Дүкенге осындай 9 жәшік алма әкелінді. Дүкенге барлығы неше килограмм алма әкелінді?

1 жәшіктің массасы	Жәшіктердің саны	Жалпы массасы

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Төрт амалды жақшасыз өрнектердің мәнін табады	1	амалдардың орындалу ретін анықтайды;	1
		бөліндінің мәнін табады;	1
		көбейтіндінің мәнін табады;	1
		айырманың мәнін табады;	1
		қосындының мәнін табады;	1
Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығарады	2	кестеге сандық мәліметтерді жазады;	1
		есептің шартына сәйкес санды өрнек құрастырады;	1
		өрнектің мәнін табады.	1
Барлығы			8

«Кестелік көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Төрт амалды жақшасыз өрнектердің мәнін табады	1	Амалдардың орындалу ретін анықтауда және өрнектің мәнін табуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Төрт амалды жақшасыз өрнектегі амалдардың орындалу ретін анықтауда/ бөліндінің/ көбейтіндінің/ айырманың/ қосындының мәнін табуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Төрт амалды жақшасыз өрнектердің мәнін дұрыс есептеп шығарады. <input type="checkbox"/>
Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығарады	2	Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығаруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Есептің шешу жолын анықтап, шартына сәйкес өрнек құрастыруда/ өрнектің мәнін табуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді дұрыс шығарады. <input type="checkbox"/>

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Математика» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Математика» пәні бойынша (білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасы), (1- 4-сыныптар)

3. 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда білім алушылардың білім, білік, дағдыларын өлшеу құралы ретінде қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сандық мән, сөздер немесе қысқа шешімі түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушы тапсырманың толық шешімін және шешімін табудың қадамдарын көрсетуі қажет.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 6 тапсырмадан тұрады.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	3.1.1.2 Үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	2
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.5 Үштаңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау		1	2
2	Көбейту және бөлу	1.3 Шамалар және өлшем бірліктері	3.1.3.3** Ұзындық (мм,см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/көлем (сыйымдылық) (л)/аудан (см ² , дм ² , м ²)/өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/көбейту/бөлу амалын орындау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	3
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	3.5.2.2 Екі жиынның қиылысуы \cap , екі жиынның бірігуі \cup , бос жиын \emptyset таңбаларын қолдану		1	2
3	Кестелік көбейту және бөлу	2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.6 Төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	4
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.5** Жанама сұрақтары болатын есептерді («бірнеше бірлік артық/кем», «бірнеше есе артық/кем» қатынастарымен байланысты) есептерді талдау және шығару		1	3
Барлығы					6	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Математика» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Сандарды цифрмен жаз. Оларды салыстыр.

Атауы	Сан	Сандарды салыстыру
Бес жүз бір		
Жүз елу бес		

[2]

2. Есепте.

$$468 - 153$$

$$156 + 817$$

[2]

3. Шамаларды салыстыр.

$$16\ 000\ \text{кг} * 1600\ \text{т}$$

$$72\ \text{кг} * 7\ 200\ \text{г}$$

$$330\ \text{ц} * 33\ \text{т}$$

[3]

4. $A = \{1, 2, 3, 4\}$ және $B = \{3, 4, 5, 6, 7\}$ жиындары берілген. A және B жиындарының бірігуі мен қиылысуын жаз.

$$A \cup B =$$

$$A \cap B =$$

[2]

5. Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектің мәнін тап.

$$36 : (16 - 7) \cdot 8 =$$

[4]

6. Есепті шығар.

Киноға түсуге барлығы 8 бала шақырылды, бұл үлкендерге қарағанда 7 есе кем. Киноға неше үлкен адам түскен?

[3]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	501, 155	1	
	501 > 155 немесе 155 < 501	1	
2	315	1	
	973	1	
3	16 000 кг < 1600 т	1	
	72 кг > 7 200 г	1	
	330 ц = 33 т	1	
4	$A \cup B = \{1,2,3,4,5,6,7\}$	1	
	$A \cap B = \{3,4\}$	1	
5	$\begin{array}{ccc} \textcircled{2} & \textcircled{1} & \textcircled{3} \\ 36 : (16 - 7) \cdot 8 = \end{array}$	1	
	$16 - 7 = 9$	1	
	$36 : 9 = 4$	1	
	$4 \cdot 8 = 32$	1	
6	Балалар – 8 а. ↓ 7 есе кем Үлкендер -? а. ←	1	Білім алушылар есептің сызбасын сызуы да мүмкін.
	$8 \cdot 7 =$	1	
	$= 56$ (а) немесе (ү.)	1	
Барлығы		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.


2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Үлес» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер 1.2 Сандармен амалдар орындау 5.1 Есептер және математикалық модель
Оқу мақсаты	3.1.1.6 Жай бөлшектерді оқу, жазу; бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстыру 3.1.2.14 Санның/шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды/шаманы табу: 100 көлеміндегі сандар мен жүздіктердің жартысын, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу 3.5.1.3 Санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру және шығару
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді жазады және салыстырады• Санның үлесін және үлесі бойынша санды анықтайды• Санның/шаманың үлесін табуға берілген есептерді шығарады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Әр дөңгелектің қанша бөлігі боялған? Бөлшек түрінде жаз және салыстыр.



2-тапсырма

Есептеп тап.

24 санының $\frac{1}{4}$ бөлігі: _____

$\frac{1}{3}$ бөлігі 8 см болатын сан: _____

3-тапсырма
Есепті шығар.

Кітаптың 60 беті бар. Оқушы оның $\frac{1}{3}$ бөлігін оқып шықты. Оқушы кітаптың неше бетін оқыды?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді жазады және салыстырады	1	бірінші суретке сәйкес бөлшекті жазады;	1
		екінші суретке сәйкес бөлшекті жазады;	1
		бөлімдері бірдей бөлшектерді салыстырады;	1
Санның үлесін және үлесі бойынша санды анықтайды	2	санның үлесін анықтайды;	1
		үлесі бойынша санды анықтайды;	1
Санның/шаманың үлесін табуға берілген есептерді шығарады	3	есептің қысқаша шартын құрады;	1
		есептің шарты бойынша санды өрнек жазады;	1
		өрнектің мәнін табады.	1
Барлығы			8

«Үлес» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді жазады және салыстырады	1	Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді жазуда және салыстыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді жазуда/ салыстыруда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді жазады және салыстырады. <input type="checkbox"/>
Санның үлесін және үлесі бойынша санды анықтайды	2	Санның үлесін және үлесі бойынша санды анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Санның үлесін/ үлесі бойынша санды анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Санның үлесін және үлесі бойынша санды дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Санның/шаманың үлесін табуға берілген есептерді шығарады	3	Санның үлесін табуға берілген есептерді шығаруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Есептің қысқаша шартын құруда/есептің шартына сәйкес өрнек жазуда/ өрнектің мәнін есептеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Санның үлесін табуға берілген есептерді шығарады. <input type="checkbox"/>

«Аудан. Шамалар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы 1.3 Шамалар және өлшем бірліктері
Оқу мақсаты	3.3.1.3 Тіктөртбұрыш, тікбұрышты үшбұрыш, $S = (a \cdot b) : 2$, шаршы $S = a^2$, тікбұрышты үшбұрыш $S = a \cdot b$ ауданы формуласын қорытындылап алу және қолдану 3.1.3.4 Ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/аудан (см^2 , дм^2 , м^2 /бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Есеп шығаруда тіктөртбұрыштың ауданын табу формуласын қолданады• Ұзындық, аудан, масса өлшем бірліктерін түрлендіреді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	15 минут

1-тапсырма

1) Тіктөртбұрыштың ауданын табу формуласын белгіле (✓) .

$S = a^2$

$S = (a \cdot b) : 2$

$S = a \cdot b$

2) Ұзындығы 9 дм, ені 6 дм болатын тіктөртбұрыштың ауданын тап.

2-тапсырма

Шамаларды өрнекте.

3км 50 м = _____ м

5 кг 250 г = _____ г

6дм^2 3см^2 = _____ см^2

7 т = _____ ц

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Есеп шығаруда тіктөртбұрыштың ауданын табу формуласын қолданады	1	тіктөртбұрыштың ауданын табу формуласын анықтайды;	1
		фигураның ауданын табу өрнегін жазады;	1
		фигураның ауданын есептеп шығарады;	1
Ұзындық, аудан, масса өлшем бірліктерін түрлендіреді	2	ұзындық өлшем бірлігін түрлендіреді;	1
		ауданның өлшем бірлігін түрлендіреді;	1
		массаның өлшем бірлігін түрлендіреді: кг-г;	1
		массаның өлшем бірлігін түрлендіреді: т-ц.	1
Барлығы			7

«Аудан. Шамалар» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Есеп шығаруда тіктөртбұрыштың ауданын табу формуласын қолданады	1	Тіктөртбұрыштың ауданын формуланы қолданып табуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тіктөртбұрыштың ауданын табу формуласын анықтауда/ тіктөртбұрыштың ауданын есептеп табуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Формуланы қолданып, тіктөртбұрыштың ауданын дұрыс есептеп шығарады. <input type="checkbox"/>
Ұзындық, аудан, масса өлшем бірліктерін түрлендіреді	2	Ұзындық, аудан, масса өлшем бірліктерін түрлендіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Ұзындық/ аудан/ масса өлшем бірліктерін түрлендіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Ұзындық, аудан, масса өлшем бірліктерін дұрыс түрлендіреді. <input type="checkbox"/>

«Ауызша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.3 Сандармен амалдар орындау
Оқу мақсаты	3.1.2.8 Үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану 3.1.2.12 Нөлмен аяқталатын үш таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша көбейту және бөлу тәсілін қолдану
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту амалдарын орындайды• Нөлмен аяқталатын үш таңбалы санды бір таңбалы санға көбейтеді және бөледі

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Орындау уақыты 15 минут

1-тапсырма

Баған түрінде жазып, есепте.

$$929 - 114$$

$$532 + 326$$

$$570 - 347$$


$$396 + 147$$

2-тапсырма

Өрнектерді мәнімен сәйкестендір.

$$640 : 8$$

$$4 \cdot 120$$



$$400 \cdot 2$$

$$300 : 5$$

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту амалдарын орындайды	1	разрядтан аттамай орындау арқылы үш таңбалы сандардың:	
		-айырмасының мәнін табады;	1
		-қосындысының мәнін табады;	1
		разрядтан аттап орындау арқылы үш таңбалы сандардың:	
		-айырмасының мәнін табады;	1
		-қосындысының мәнін табады;	1
Нөлмен аяқталатын үш таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша көбейтеді және бөледі	2	нөлмен аяқталатын үш таңбалы сан мен бір таңбалы санның:	
		-бөліндісінің мәнін табады;	1
		-көбейтіндісінің мәнін табады;	1
		дөңгелек жүздіктер мен біртаңбалы санның:	
		-көбейтіндісінің мәнін табады;	1
		-бөліндісінің мәнін табады.	1
Барлығы			8

**«Ауызша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту амалдарын орындайды	1	Үш таңбалы сандарды жазбаша қосуда және азайтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Үш таңбалы сандарды разрядтан аттамай қосуда немесе азайтуда/ разрядтан аттап қосуда немесе азайтуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Үш таңбалы сандармен жазбаша қосу және азайтуды дұрыс орындайды. <input type="checkbox"/>
Нөлмен аяқталатын үш таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша көбейтеді және бөледі	2	Нөлмен аяқталатын үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейтуде және бөлуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Нөлмен аяқталатын үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейтуде/ бөлуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Нөлмен аяқталатын үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға дұрыс көбейтеді және бөледі. <input type="checkbox"/>

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Математика» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Математика» пәні бойынша (білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасы), бастауыш сынып (1- 4-сыныптар)

3. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда білім алушылардың білім, білік, дағдыларын өлшеу құралы ретінде қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сандық мән, сөздер немесе қысқа шешімі түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушы тапсырманың толық шешімін және шешімін табудың қадамдарын көрсетуі қажет.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 5 тапсырмадан тұрады.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Үлес	5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.3 Санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру және шығару	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	3
2	Аудан. Шамалар.	1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.3** Шамалар мәндері ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/ көлем (сыйымдылық) (л)/аудан (см ² , дм ² , м ²) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау;	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	2
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.2** Есептерді шығаруда ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану 3.5.1.5** Төртбұрыштың (шаршының) қабырғалары мен ауданын табуға берілген есептерді талдау және шығару		1	3
3	Ауызша көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.8 Үштаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	2
			3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні біртаңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	6
Барлығы					5	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Математика» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Есепті шығар.

Асханаға 54 кг көгөніс әкелінді. Оның $\frac{1}{6}$ бөлігі түскі асқа жұмсалды. Түскі асқа неше килограмм көгөніс жұмсалды?

[3]

2. Амалдарды орында.

$$208 \text{ см} + 4 \text{ дм } 7 \text{ см} =$$

$$5 \text{ м } 3 \text{ дм } 8 \text{ см} - 6 \text{ дм } 4 \text{ см} =$$

[2]

3. Кестені толтыр.

Тіктөртбұрыштың ұзындығы	8 см	8 дм	?
Тіктөртбұрыштың ені	9 см	?	6 м
Тіктөртбұрыштың ауданы	?	64 дм ²	42 м ²

[3]

4. Баған түрінде жазып, есепте.

$$239 + 263$$

$$615 - 486$$

[2]

5. Тиімді тәсілмен орында.

$$(20 + 8) \cdot 3 =$$

$$(60 + 24) : 6 =$$

$$(40 \cdot 8) : 4 =$$

[6]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Әкелінді – 54 кг ← Жұмсалды -?, $\frac{1}{6}$	1	Есептің сызбасы да қабылданады.
	$54 : 6 =$	1	
	9 (кг)/ 9	1	
2	255см	1	
	474 см	1	
3	72 см^2	1	
	8 дм	1	
	7 м	1	
4	502	1	
	129	1	
5	$20 \cdot 3 + 8 \cdot 3 =$	1	немесе $40 \cdot (8 : 4) = 80$
	84	1	
	$60 : 6 + 24 : 6 =$	1	
	14	1	
	$(40 : 4) \cdot 8 =$	1	
	80	1	
Барлығы		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Кестеден тыс көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.2 Сандармен амалдар орындау 2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу
Оқу мақсаты	3.1.2.6 Бір таңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау 3.1.2.7 Кестеден тыс мынадай жағдайларда: $17:5$ $96:6$ $75:15$ $84:4$ ауызша көбейту мен бөлуді орындау 3.2.2.2 Көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \times (25:5)=60$; $(24 \times 3):x=6$; $x: (17 \times 2)=2$; $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Сандарды бір таңбалы санға қалдықпен бөледі• Кестеден тыс жағдайлардағы көбейту мен бөлуді орындайды• Көбейту мен бөлуге берілген теңдеулерді шешеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Қалдықпен бөлуді орында.

$$59 : 7 = \quad (\text{қалд. } \quad)$$

2-тапсырма

Өрнектің мәнін тап.

$$14 \cdot 5 =$$

$$54 : 3 =$$

3-тапсырма

Теңдеу құр және оны шеш:

17 мен 3-тің көбейтіндісіне белгісіз санды қосса, 72 саны шығады.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Сандарды бір таңбалы санға қалдықпен бөледі	1	толымсыз бөлінді анықтайды;	1
		қалдықты табады;	1
Кестеден тыс жағдайларда ауызша көбейту мен бөлуді орындайды	2	кестеден тыс көбейту жағдайындағы көбейтіндінің мәнін табады;	1
		кестеден тыс бөлу жағдайындағы бөліндінің мәнін табады;	1
Көбейту мен бөлуге берілген теңдеулерді шешеді	3	шарты бойынша күрделі теңдеу құрастырады;	1
		көбейтіндінің мәнін анықтайды;	1
		белгісіз қосылғышты табу өрнегін жазады;	1
		теңдеудің түбірін анықтайды;	1
		теңдеудің түбірін тексереді.	1
Барлығы			9

«Кестеден тыс көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____


Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Сандарды бір таңбалы санға қалдықпен бөледі	1	Бір таңбалы санға қалдықпен бөлуді орындауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Толымсыз бөліндіні / қалдықты анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Бір таңбалы санға қалдықпен бөлуді дұрыс орындайды. <input type="checkbox"/>
Кестеден тыс жағдайларда көбейту мен бөлуді орындайды	2	Кестеден тыс жағдайлардағы көбейту мен бөлуді орындауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Кестеден тыс жағдайлардағы көбейтуді/ бөлуді орындауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Кестеден тыс жағдайлардағы көбейту мен бөлуді дұрыс орындайды. <input type="checkbox"/>
Көбейту мен бөлуге берілген теңдеулерді шешеді	3	Шарты бойынша теңдеу құрастырып жазуда және оны шешуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Шарты бойынша күрделі теңдеуді қарапайым теңдеуге түрлендіруде/ белгісіз компонентті анықтауда/ теңдеудің түбірін табуда/теңдеуді тексеру өрнегін жазуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шарты бойынша теңдеу құрастырып жазады және оны дұрыс шешеді. <input type="checkbox"/>

«Кеңістік фигуралар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу
Оқу мақсаты	<p>3.3.2.3 Кеңістіктік геометриялық фигуралардың (тікбұрышты параллелепипед, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру</p> <p>3.3.2.4 Солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан карағанда кеңістіктік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру</p>
Бағалау критерийі	<p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Кеңістіктік геометриялық фигуралардың жазбасын жинақтайды • Кеңістіктік фигуралардың әртүрлі қалпындағы көрінісін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут


1-тапсырма

Берілген жазбаларды ойша жинақта. Кубтың жазбасын тап және қоршап сыз.



2-тапсырма

A1 фигурасына мұқият қара. Ұсынылған алты фигураның арасынан A1 фигурасын тауып, қорша. B1, C5, D7 фигураларымен де ұқсас әрекеттер жаса.



3-тапсырма


Айбек өз үйінің алдынан қарағандағы көрінісінің суретін салды.



Ал үйдің артқы жағында есік жоқ, бірақ 3 терезесі бар. Үйдің артқы жағынан қарағандағы көрінісін белгіле (✓).



- Қағазды төртке бүктеп, бір бұрышын қиып алды. Қағазды ойша ашып, қандай сурет шығатынын анықта. Дұрыс жауабын қоршап сыз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Кеңістіктік геометриялық фигуралардың жазбасын жинақтайды	1	берілген фигуралардың арасынан кубтың жазбасын анықтайды;	1
Кеңістіктік фигуралардың әртүрлі қалпындағы көрінісін анықтайды	2	ұсынылған алты фигураның арасынан:	1
		-А1 фигурасын табады;	1
		-В1 фигурасын табады;	1
-С5 фигурасын табады;		1	
	3	дененің артқы жағынан карағандағы бейнесін анықтайды;	1
		жазбаның дұрыс жауабын анықтайды.	1
Барлығы			7

«Кеңістік фигуралар» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Кеңістіктік геометриялық фигуралардың жазбасын жинақтайды	1	Берілген фигуралардың арасынан кубтың жазбасын анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Берілген фигуралардың арасынан кубтың жазбасын анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Берілген фигуралардың арасынан кубтың жазбасын анықтайды. <input type="checkbox"/>
Кеңістіктік фигуралардың әртүрлі қалпындағы көрінісін анықтайды	2	Кеңістіктік фигуралардың әртүрлі қалпындағы көрінісін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Кеңістіктік фигуралардың әртүрлі қалпындағы көрінісін анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Кеңістіктік фигуралардың әртүрлі қалпындағы көрінісін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
	3	Дененің артқы жағынан қарағандағы бейнесін анықтауда және суретке сәйкес жазбаны табуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Дененің артқы жағынан қарағандағы бейнесін/суретке сәйкес жазбаны анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Дененің артқы жағынан қарағандағы бейнесін және суретке сәйкес жазбаны дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>

«Жазбаша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.2 Сандармен амалдар орындау		
Оқу мақсаты	3.1.2.10 Мынадай жағдайларда: $23 \cdot 2$, $123 \cdot 2$, $46 : 2$, $246 : 2$ екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану 3.1.2.11 Мынадай жағдайларда: $28 \cdot 3$, $269 \cdot 2$, $84 : 3$, $538 : 2$ екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану		
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттамай көбейтеді және бөледі• Екі /үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттап көбейтеді және бөледі		
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану		
Орындау уақыты	15 минут		
1-тапсырма Өрнектердің мәнін тап.			
$34 \cdot 2 =$	$69 : 3 =$		
$231 \cdot 3 =$	$848 : 4 =$		
2-тапсырма Баған түрінде жазып шығар.			
$19 \cdot 4$	$81 : 3$	$274 \cdot 3$	$765 : 3$

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттамай көбейтеді және бөледі	1	разрядтан аттамай орындау арқылы екі таңбалы сан мен бір таңбалы санның: - көбейтіндісінің мәнін табады; - бөліндісінің мәнін табады;	1 1
		разрядтан аттамай орындау арқылы үш таңбалы сан мен бір таңбалы санның: - көбейтіндісінің мәнін табады; - бөліндісінің мәнін табады;	1 1
Екі /үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттап көбейтеді және бөледі	2	разрядтан аттап көбейту алгоритмін қолданып, екі таңбалы сан мен бір таңбалы санның: - көбейтіндісінің мәнін табады; - бөліндісінің мәнін табады;	1 1
		разрядтан аттап көбейту алгоритмін қолданып, үш таңбалы сан мен бір таңбалы санның: - көбейтіндісінің мәнін табады; - бөліндісінің мәнін табады.	1 1
Барлығы			8

«Жазбаша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттамай көбейтеді және бөледі	1	Екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттамай көбейтуде және бөлуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Екі таңбалы/ үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттамай көбейтуде/ бөлуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттамай көбейту мен бөлуді дұрыс орындайды. <input type="checkbox"/>
Екі /үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттап көбейтеді және бөледі	2	Екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттап көбейтуде және бөлуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттап көбейтуде /бөлуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға разрядтан аттап көбейту мен бөлуді дұрыс орындайды. <input type="checkbox"/>

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Математика» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Математика» пәні бойынша (білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасы), бастауыш сынып (1- 4-сыныптар)

3. 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда білім алушылардың білім, білік, дағдыларын өлшеу құралы ретінде қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сандық мән, сөздер немесе қысқа шешімі түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушы тапсырманың толық шешімін және шешімін табудың қадамдарын көрсетуі қажет.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 5 тапсырмадан тұрады.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Кестеден тыс көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.6 Біртаңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
		2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу	3.2.2.2 Көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \times (25:5)=60$; $(24 \times 3):x=6$; $x: (17 \times 2)=2$; $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.3** Көбейтудің үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
2	Жазбаша көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.10 Мынадай жағдайларда: $23 \cdot 2$, $123 \cdot 2$, $46:2$, $246:2$ екітаңбалы/үштаңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану. 3.1.2.11 Мынадай жағдайларда: $28 \cdot 3$, $269 \cdot 2$, $84:3$, $538:2$ екі/үштаңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану	Білім алушы жабық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	3
3	Кеңістік фигуралар	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	3.3.2.4 Солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан қарағанда кеңістіктік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру		1	1
Барлығы					5	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Математика» пәнінен 3-тоқсанға арналған
жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Қалдықпен бөлуді орында және тексер.

$$45 : 6 =$$

$$60 : 7 =$$

[4]

2. Тендеуді шеш.

$$(27 \cdot 3) : x = 9$$

[4]

3. Өрнек құрастырып жаз және мәнін тап.

6 және 7 сандарының қосындысын 5 есе арттыр;

4 және 7 сандарының көбейтіндісін 2 есе арттыр;

[4]

4. Баған түрінде жазып, есепте.




$$369 : 3$$

$$264 \cdot 3$$

$$685 : 5$$

[3]

5. А фигурасын ойша бұрып көр. В, С, D фигураларының арасынан А фигурасына сәйкесін анықта және белгіле (✓).



[1]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	7 (қалд.3)	1	
	$7 \cdot 6 + 3 = 45$	1	
	8 (қалд.4)	1	
	$7 \cdot 8 + 4 = 60$	1	
2	$81 : x = 9$	1	
	$x = 81 : 9$	1	
	$x = 9$	1	
	$(27 \cdot 3) : 9 = 9$ $9 = 9$	1	
3	$(6 + 7) \cdot 5 / 5 \cdot (6 + 7)$	1	
	65	1	
	$2 \cdot (4 \cdot 7) / (4 \cdot 7) \cdot 2$	1	
	56	1	
4	123	1	
	792	1	
	137	1	
5	С)	1	
Барлығы		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Жазбаша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.2 Сандармен амалдар орындау 2.1 Санды және әріпті өрнектер
Оқу мақсаты	3.1.2.13 Бөліндінің бір разрядында нөл болатын кезде үш таңбалы санды бір таңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану 3.2.1.5 Үш амалдан артық әріпті, санды өрнектерді салыстыру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Бөлінді мәнінің бір разрядында нөл шығатын жағдайлардағы жазбаша бөлуді орындайды және тексереді• Үш және одан да артық амалдан тұратын санды өрнектерді салыстырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	15 минут
1-тапсырма	
Есепте және тексер.	

$$918 : 3$$

$$940 : 2$$

2-тапсырма

Өрнектердің мәнін тап және салыстыр.

$$6 \cdot (50 - 40) : 3 =$$



$$(6 \cdot 50 - 6 \cdot 40) : 4 =$$

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Бөлінді мәнінің бір разрядында нөл шығатын жағдайлардағы жазбаша бөлуді орындайды және тексереді	1	бөлінді мәнінің ондықтар разрядында нөл шығатын жағдайдағы өрнектің мәнін табады;	1
		көбейту амалы арқылы тексереді;	1
		бөлінді мәнінің бірліктер разрядында нөл шығатын жағдайдағы өрнектің мәнін табады;	1
		көбейту амалы арқылы тексереді;	1
Үш және одан да артық амалдан тұратын санды өрнектерді салыстырады	2	бірінші өрнек бойынша амалдар орындайды және мәнін табады:	1
		- айырманың	1
		- көбейтіндінің	1
		- бөліндінің	
		екінші өрнек бойынша амалдар орындайды және мәнін табады:	1
		- бірінші көбейтіндінің;	1
- екінші көбейтіндінің;	1		
- айырманың;	1		
- бөліндінің;			
өрнектердің мәнін салыстырады.	1		
Барлығы		12	

**«Жазбаша көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Бөлінді мәнінің бір разрядында нөл шығатын жағдайлардағы жазбаша бөлуді орындайды және тексереді	1	Бөлінді мәнінің бір разрядында нөл шығатын жағдайлардағы үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Бөлінді мәнінің бір разрядында нөл шығатын жағдайлардағы үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлуде/ бөлуді көбейту арқылы тексеруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Бөлінді мәнінің бір разрядында нөл шығатын жағдайлардағы үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлуді дұрыс орындайды және тексереді. <input type="checkbox"/>
Үш және одан да артық амалдан тұратын санды өрнектерді салыстырады	2	Үштен артық амалмен берілген санды өрнектердің мәнін табуда және салыстыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Арифметикалық амалдарды орындауда/ санды өрнектерді салыстыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Үштен артық амалмен берілген санды өрнектердің мәнін табады және салыстырады. <input type="checkbox"/>

«Есепті шешу жолдары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	5.1 Есептер және математикалық модель
Оқу мақсаты	3.5.1.8 Барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін айнымалысы бар өрнектер мен теңдеулер түрінде; құрама есептердің шешуін санды өрнектер және жекелеген амалдар түрінде модельдеу 3.5.1.7 Үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар арасындағы тәуелділікке берілген жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Есептің шарты бойынша әріпті өрнек құрастырады• Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген үш амалды есептерді шығарады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Есептің шешуін әріпті өрнек түрінде жаз.

- Жанат әрқайсысы a тг тұратын 4 қарындаш сатып алды. Ол барлығы неше теңге төледі?
- 48 кг жемісті x жәшіктерге тең бөліп салды. Әр жәшікке неше килограмм жеміс салынды?

2-тапсырма

Есепті шығар.

Марал әрқайсысы 9 теңге тұратын 4 қарындаш және әрқайсысы 8 теңге тұратын 3 сызғыш сатып алды. Ол сатып алған заттарына барлығы неше теңге төледі?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Есептің шарты бойынша әріпті өрнек құрастырады	1	есептің шарты бойынша айнымалысы бар көбейтінді құрастырады;	1
		есептің шарты бойынша айнымалысы бар бөлінді құрастырады;	1
Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген үш амалды есептерді шығарады	2	есептің қысқаша шартын жазады/сызбасын сызады;	1
		амал таңбасын таңдай отырып, бірінші өрнекті жазады;	1
		бірінші өрнектің мәнін табады;	1
		амал таңбасын таңдай отырып, екінші өрнекті жазады;	1
		екінші өрнектің мәнін табады;	1
		амал таңбасын таңдай отырып, үшінші өрнекті жазады;	1
үшінші өрнектің мәнін табады.	1		
Барлығы			9

«Есепті шешу жолдары» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Есептің шарты бойынша әріпті өрнек құрастырады	1	Есептің шарты бойынша айнымалысы бар өрнектер құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Есептің шарты бойынша айнымалысы бар көбейтінді/ бөлінді құрастыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Есептің шарты бойынша айнымалысы бар өрнектер құрастырады. <input type="checkbox"/>
Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген үш амалды есептерді шығарады	2	Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген үш амалды есептерді шығаруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Есептің қысқаша шартын жазуда/ амалдар таңбасын анықтап, санды өрнектер құрастыруда/өрнектердің мәнін табуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген үш амалды есептерді дұрыс шығарады. <input type="checkbox"/>

«Уақыт» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.3 Шамалар және өлшем бірліктері
Оқу мақсаты	3.1.3.3** Шамалар мәндерін уақыт (сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау 3.1.3.4 ** Уақыт (сек,мин, сағ, тәул. ғасыр) бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Уақыт өлшем бірліктерін салыстырады• Уақыт өлшем бірліктерін түрлендіреді• Уақыт өлшем бірліктерімен амалдар орындайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Салыстыр.

$$4 \text{ сағ } 20 \text{ мин} \quad \square \quad 240 \text{ мин} \qquad 100 \text{ сек} \quad \square \quad 2 \text{ мин} \quad .$$
$$1 \text{ тәул. } 10 \text{ сағ} \quad \square \quad 38 \text{ сағ} \qquad 400 \text{ жыл} \quad \square \quad 5 \text{ ғасыр}$$

2-тапсырма

Өрнекте.

$$2 \text{ сағ } 2 \text{ мин} = \dots \text{ мин}$$
$$2 \text{ тәул. } 5 \text{ сағ} = \dots \text{ сағ}$$
$$480 \text{ сек.} = \dots \text{ мин}$$

3-тапсырма

Есепте.

$$2 \text{ мин } 3 \text{ сек} - 33 \text{ сек} = \qquad 2 \text{ тәул.} - 12 \text{ сағ} = \qquad 3 \text{ ғасыр} - 150 \text{ жыл} =$$

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Уақыт өлшем бірліктерін салыстырады	1	арақатысына сүйеніп, уақыт өлшем бірліктерін салыстырады: - сағат және минут; - тәулік және сағат; - минут және секунд; - жыл және ғасыр;	1 1 1 1
Уақыт өлшем бірліктерін түрлендіреді	2	сағатты минутпен өрнектейді;	1
		тәулікті сағатпен өрнектейді;	1
		секундты минутпен өрнектейді;	1
Уақыт өлшем бірліктерімен амалдар орындайды	3	уақыт шамаларының айырмасын табады: - минут пен секунд - тәулік пен сағат - ғасыр мен жыл	1 1 1
Барлығы			10

«Уақыт» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Уақыт өлшем бірліктерін салыстырады	1	Уақыт өлшем бірліктерін салыстыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Уақыт өлшем бірліктерін салыстыруда қателеседі: сағат пен минут/ тәулік пен сағат/ минут пен секунд/ ғасыр мен жыл <input type="checkbox"/>	Уақыт өлшем бірліктерін дұрыс салыстырады. <input type="checkbox"/>
Уақыт өлшем бірліктерін түрлендіреді	2	Уақыт бірліктерін арақатысына сүйеніп түрлендіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Уақыт бірліктерін олардың арақатысы негізінде түрлендіруде қателеседі: сағатты минутпен/ тәулікті сағатпен/ секундты минутпен. <input type="checkbox"/>	Уақыт бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп дұрыс түрлендіреді. . <input type="checkbox"/>
Уақыт өлшем бірліктерімен амалдар орындайды	3	Уақыт шамаларымен арифметикалық амалдар орындауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Уақыт шамаларымен арифметикалық амалдар орындауда қателеседі:сағ/мин, тәул./сағ, сек/мин, жыл/ғасыр. <input type="checkbox"/>	Уақыт шамаларымен арифметикалық амалдарды дұрыс орындайды. <input type="checkbox"/>

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Математика» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Математика» пәні бойынша (білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасы), бастауыш сынып (1- 4-сыныптар)

3. 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда білім алушылардың білім, білік, дағдыларын өлшеу құралы ретінде қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сандық мән, сөздер немесе қысқа шешімі түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушы тапсырманың толық шешімін және шешімін табудың қадамдарын көрсетуі қажет.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 5 тапсырмадан тұрады.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Жазбаша көбейту және бөлу.	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.13 Бөліндінің бір разрядында нөл болатын кезде үштаңбалы санды біртаңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	2
2	Есепті шешу жолдары	5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.5** Жанама сұрақтары болатын есептерді («бірнеше бірлік артық/ кем» «бірнеше есе есе артық/ кем» қатынастарымен байланысты); тік төртбұрыштың (шаршының) қабырғалары мен ауданын табуға берілген есептерді талдау және шығару	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
			3.5.1.2** Есептерді шығаруда бір заттың массасы, саны, жалпы массасы/ бір затқа жұмсалғаны, заттың саны, жалпы жұмсалғаны/ ұзындық, ені, аудан шамалары арасындағы тәуелділікті пайдалану		1	2
3	Уақыт.	1.3 Шамалар және өлшем бірліктері	3.1.3.4 Уақыт (сек, мин, сағ, тәул, ай, жыл, ғасыр) бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
			3.1.3.3** Шамалар мәндерін: уақыт (сек, мин, сағ, тәул, ай, жыл, ғасыр) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау		1	3
Барлығы					5	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Математика» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Баған түрінде жазып, есепте.

$$742 : 7$$

$$520 : 4$$

[2]

2. Есепті шығар.

Бидонға 12 литр сүт сыяды, бұл банкаға қарағанда 4 есе артық. Бидон мен банкаға барлығы неше литр сүт сыяды?

[5]

3. Есепті шығар.

Тіктөртбұрыштың ауданы 72 см^2 , ал ені 6 см. Тіктөртбұрыштың қабырғасының ұзындығын тап.

[2]

4. Өрнекте.

Сағатпен: $120 \text{ мин} = \dots \text{ сағ.}$

$4 \text{ тәул.} = \dots \text{ сағ.}$

Минутпен: $3 \text{ сағ } 12 \text{ мин} = \dots \text{ мин}$

Жылмен: $4 \text{ ғасыр } 10 \text{ жыл} = \dots \text{ жыл}$

[4]

5. Амалдарды орында.

$11 \text{ сағ } 35 \text{ мин} + 2 \text{ сағ } 55 \text{ мин} =$

$55 \text{ мин } 20 \text{ сек} - 4 \text{ мин } 35 \text{ сек} =$

$14 \text{ сағ} \cdot 4 =$

[3]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	106	1	
	130	1	
2	Бидон – 12 л. } 4 есе артық } Банка - ? л. ← } ? л	1	Есептің сызбасы да қабылданады.
	12 : 4 =	1	Есептің шешуін бір өрнекпен жазып, дұрыс шығарған жағдайда 4 балл қойылады. 12 : 4 + 12 = 15 (л)
	3 (л) – банкаға	1	
	12 + 3 =	1	
15(л) – барлығы	1		
3	72 : 6 =	1	
	12 (см)	1	
4	2 сағ	1	
	96 сағ	1	
	192 мин	1	
	410 жыл	1	
5	14 сағ 30 мин	1	2 тәул. 8 сағ жауабы да қабылданады.
	50 мин 45 сек	1	
	56 сағ	1	
Барлығы		16	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.